

## Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 19-3/913 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 қарашада № 12309 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 343 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.07.2016 № 343 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 90-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының  
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының

2015 жылғы 27 қазан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 13 қазан  
№ 19 - 3 / 913 бұйрығымен  
бекітілген

## Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу қағидалары 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді және су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу тәртібін айқындайды.

2. Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу оның сенімділігі және санитариялық қорғау аймақтарын (бұдан әрі - СҚА) ұйымдастыру мүмкіндігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Сумен жабдықтаудың жерасты және жер үсті көздерінің СҚА-сын белгілеу үшін мына деректердің негізінде шаруашылық-ауыз суға жарамдылығы туралы су объектісінің (жер үсті және жерасты) жай-күйін бағалау жүргізіледі;

жерасты көзі үшін:

1) су көзінің су сапасы;

2) сумен жабдықтау көзінің орналасқан аумағының жалпы гидрогеологиялық сипаттамасы, таңдалған су тұтқыш белдеу түрі бойынша (артезиандық – қысымды, топырақтық – қысымсыз) деректер, оның шатырының тереңдігі (абсолютті белгі), күштілігі, сусыйымдылық жынысы, су тұтқыш белдеудің қоректену және босатылу жағдайлары мен орны, белдеудегі судың молдығы (пайдаланылатын қоры), су белдеуінің сумен жабдықтау және басқа мақсатта қазіргі және келешекте пайдаланылуы;

3) ауданның (кен орнының) гидрогеологиялық жағдайлары туралы жалпы мәліметтер, сумен жабдықтау үшін ұсынылатын су тұтқыш қабаттың қоректену жағдайлары, сужинау ауласының топографиялық, жер қыртысы және санитариялық сипаттамасы, іске қосылатын су қабатының сипаттамасы (литологиялық құрамы, қуаты, бөгеу сипаттамасы су алуды есептеудегі судың динамикалық деңгейі);

4) қабаттардың, бөгейтін қабаттардың өткізгіштік деңгейі, қоректену

аймағының су сапасына әсер ету мүмкіндігі туралы деректер;

5) су жинағышқа іргелес орналасқан елді мекеннің санитариялық сипаттамасы; су жинағыштан бастап ықтимал ластану көздеріне: жұмыс істемейтін ұңғымаларға, сіңіргіш шұңқырларға, ойылып түскен жерлерге, құдықтарға, ескі тау-кен орындарына, жинауыштарға дейінгі орналасу мен арақашықтық .

жер үсті көзі үшін :

1) су көзінің су сапасы ;

2) гидрологиялық деректер: су жинағыштың қоректену бассейнінің ауданы, үстіңгі қабаттағы ағын режимі, ең жоғарғы, ең төменгі және орташа шығыстар, су жинау орнындағы судың жылдамдығы мен деңгейі, мұзқұрсау мен ашудың орташа мерзімдері, көздегі күтілетін шығыс, көтерілу-қайту ағыстарының сипаттамасы жөніндегі деректер ;

3) бассейннің су жинағыш тұсында су сапасына әсер ететін бөлігіндегі жалпы санитариялық сипаттамасы: бассейннің геологиялық құрылымының сипаттамасы , жер қыртысы, өсімдіктер ормандардың, жыртылатын жерлердің, елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың бар жоқтығы (олардың саны, мөлшерлері, орналасуы, өндіріснің сипаты);

4) су көзіндегі су сапасының нашарлауына әсер ететін немесе әсер ете алатын себептер, су көзінің орналасу ауданындағы қатты және сұйық қалдықтарды жою тәсілдері мен орындары; суқойманы ластайтын тұрмыстық, өндірістік сарқындылардың бар болуы, жіберілетін сарқынды сулардың көлемі, оларды тазарту қондырғылары мен орналасқан жерлері; ағындыларды жіберу орнынан бастап су жинағышқа дейінгі арақашықтық, су көзінің ластануына әсер ететін басқа себептердің (кеме қатынасы, ағаш ағызу, суат, қыста қоқысты мұзға тастау, шомылу, су спорты, мелиорациялық жұмыстар, ауыл шаруашылығында тыңайтқыштар мен улы химикаттарды пайдалану) болуы;

5) суқойманың өздігінен тазару қасиетінің сипаттамасы;

6) айдын мен суқойма көлемі, пайдалы және «өлі» көлем;

7) суқоймадағы су пайдалану мен өңдеу режимі;

8) суқойма жоспары, оның ең жоғарғы және ең төменгі тереңдігі, түбінің, жағалаулардың, тереңдік шөгінділерінің сипаттамасы, көктенудің, шөп басудың, лайландың бар болуы ;

9) күшті желдер мен ағыстардың бағыты;

10) су объектісіндегі судың қозғалысы жылдамдығы;

11) СҚА жекелеген белдеулері бойынша шекараларын анықтау;

12) көздіндегі суды өңдеу қажеттілігі туралы деректер (залалсыздандыру, мөлдірлеу, темірсіздендіру және басқалар);

13) бірдей қоректену аумағы бар аралас су жинағыштар туралы деректер (

орналасуы, өнімділігі, су сапасы);

14) биомелиорация жұмыстарын өткізу жоспары.

4. Ауыз су эпидемиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органолептикалық қасиеттерге ие б о л у ы т и і с .

5. Ауыз судың химиялық құрамы бойынша зиянсыздығы оның «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығындағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10774 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) санитарлық қағидаларда айқындалған ауыз судың химиялық құрамы бойынша зиянсыздығы оның табиғи суларда неғұрлым жиі кездесетін зиянды химиялық заттар, антропогендік жынысты заттар құрамының көрсеткіштеріне сәйкес келуімен а й қ ы н д а л а д ы .

6. Ауыз судың сапасы ауызсумен жабдықтау көздеріндегі және жүйелеріндегі су сапасының Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігіне бақылау жүргізу арқылы қамтамасыз етілуге тиіс.

7. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы санитариялық-эпидемиологиялық зертханалық зерттеулер бөлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары жүргізеді.

8. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі судың химиялық құрамының кеңейтілген зерттеулерінің нәтижелерін әрбір сумен жабдықтау жүйесі бойынша талдайды және халықтың ауыз суды пайдалануының санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын және аумақтағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, су құрамындағы химиялық заттардың халық денсаулығына төндіретін әлеуетті қаупін айқындайды.